

Байғанин аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі № 83 "Базалық салық ставкаларын түзету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 63 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 сәуірде № 5411 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2024 жылғы 6 қыркүйектегі № 197 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 06.09.2024 № 197 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабына және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының қазақ тіліндегі 2009 жылғы 24 сәуірдегі № 83 "Базалық салық ставкаларын түзету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-4-73 болып тіркелген, 2009 жылғы 11 маусымда аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қазақ тіліндегі шешімнің атауындағы және бүкіл мәтіні бойынша "ставкаларын", "ставкалары" деген сөздер "мөлшерлемелерін", "мөлшерлемелері" сөздерімен ауыстырылсын;

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Байғанин аудандық
мәслихатының сессия*

*төрағасы
С. Жұбан*

Байғанин аудандық мәслихатының

*хатшысы
Б. Турлыбаев*